

БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім және ғылым ұйымының, білім беру бағдарламасын әзірлеушінің атауы	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» ШЖҚ РМК
Қосымша білім берудің түрі	Біліктілікті арттыру
Бағдарламаның атауы	«HLA жүйесінің ерекшеліктерін зерттеудің серологиялық және молекулалық-генетикалық әдістері»
Мамандықтың атауы	«Клиникалық зертханалық диагностика» мамандығы
БА бағдарламасының деңгейі (базалық, орта, жоғары, мамандандырылған)	Орта, жоғары
СББ бойынша біліктілік деңгейі	7.3-7.4
Тыңдаушылардың нысаналы тобы (денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының санаты)	Дәрігер-зертханашылар, биологиялық білімі бар мамандар
Алдыңғы білім деңгейіне қойылатын талаптар	1. «Емдеу ісі», «Педиатрия», «Жалпы медицина», интернатура, қайта даярлау/резидентура мамандығы бойынша жоғары медициналық білімі 2. «Медициналық-биологиялық іс» 3. Зертхана мамандары
Бағдарламаның кредиттегі ұзақтығы	5 кредит (150 сағат)
Сағат көлемі /оның ішінде аудиториялық / дербес	150 100/50
Оқыту тілі	Орыс, қазақ
Өткізу орны	Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» ШЖҚ РМК
Оқыту форматы	Қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып, жұмыстан қол үзіп; жұмыстан ішінара қол үзіп
Сараптама ұйымының толық атауы	Қызылорда облысы денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық қан орталығы» ШЖҚ РМК
Сараптамалық қорытындыны жасау күні	04.07. 2022ж.
Сараптама қорытындысының қолданылу мерзімі	

Біліктілікті арттыру бағдарламасының паспорты

Бағдарламаның мақсаты:

цикл тыңдаушыларын HLA-жүйе туралы жалпы ұғымдарға үйрету, гистосәйкестік антигендерін анықтаудың серологиялық және молекулярлық-генетикалық әдістерін жүргізуге үйрету

Бағдарламаның қысқаша сипаттамасы:

HLA жүйесі (Human Leukocyte Antigens) - адамның ең полиморфты антигендік жүйесі, олардың гендері 6-шы хромосоманың қысқа иығында локализацияланған және жеке локустарға бөлінген. Имундық жауаптың ең маңыздылары – HLA-a, HLA-B, HLA-C, HLA-DR және HLA-DQ локустары. Қатты ағзалар мен гемопоэздік дің жасушаларын транспланттау кезінде иммунологиялық үйлесімділіктің негізгі көрсеткіші реципиент-донор жұптарында осы локустардың антигендерін анықтау болып табылады. Гистосәйкестік антигендерін анықтау негізгі екі әдіспен жүргізіледі: серологиялық типтеу және молекулярлық-генетикалық типтеу арқылы.

Білім беру бағдарламасына зертхананың нормативтік құқықтық құжаттамасы, тіндерді иммунологиялық типтеу зертханасын ұйымдастыру мәселелері, HLA-жүйе туралы жалпы ұғымдар, ПТР-талдаудың (полимеразды тізбекті реакция) I, II және III кезеңін және гистосәйкестік гендерін айқындау жөніндегі зерттеулердің серологиялық түрлерін жүргізудің негізгі әдістемелері енгізілген